

Ауыл шаруашылығын мақсатты қаржыландыру қорының қаражатын жұмсау туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 16 қыркүйек 1992 ж. N 766

1992 жылы ауыл шаруашылық кәсіпорындарына көмек көрсету мақсатында және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының 1992 жылға арналған республикалық бюджеті туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру туралы" 1992 жылғы 31 шілдедегі N 643 қаулысын және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып құрылысы шарттар бойынша қайтарымды негізде жүзеге асырылатын объектілер тізбесін анықтауға рұқсат етілсін.
2. Күрделі құрылысқа бөлінген және жылдың соңына дейін пайдаланылмай

қалған қаржы алып қоюға жатпайды және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Ауыл шаруашылығын мақсатты қаржыландыру қорының қаражатын жұмсау туралы" 1992 жылғы 16 қыркүйектегі қаулысында белгіленген объектілер бойынша 1993 жылы құрылысты жалғастыру үшін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің арнаулы шотына аударылады.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 3-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 19 октябрьдегі N 880 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы "16" қыркүйектегі
N 766 қаулысына
Қосымша

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК